

өзгелері туралы ғұмырнамалық сипаты басым бірді-екілі мақала ғана болмаса, жүйелі зерттеу нысанасына түспегені байқалады. Басқаларды айтпағанда С. Мұқанов 1942 жылғы еңбегінде “халықшыл ақын” деп, Қ. Жұмалиев 1941 жылғы оқулығында “үлкен реалист ақын” деп бағалаған Шортанбайдың, болмаса Дулат, Бұқар секілді басқа да тұлғалардың мұрасына ғылыми зерттеу мақалалардың арналмауы түсініксіз. Соғыс және оның зардаптарын жоюдағы қиын кезең еді ғой дей тұрғанмен де, бұлар туралы ешқандай ізденіс болмады деу мүлде қисынсыз. Біздің ойымызша, 40-жылдар басындағы мектептер мен оқу орындарын оқу құралдарымен қамтамасыз ету міндеті шұғыл қойылғанда, “халық жаулары” атанғандардың орнын толтыру үшін еніп кеткен, кейінде “керітартпа ескішіл феодалшыл, ұлтшыл” атанған ақындардың таптық сипатын ашуға маркстік-лениндік әдіснаманың да, кеңестік идеологияның да соғыс басталуына байланысты мүмкіндігі болмай қалды. Әйтсе де олар өткізіп алған бұл “қатерлерінің” өріс алмауы үшін мерзімді баспасөз бен ғылыми басылымдарды қырағы қадағалаған сияқты. Оған дәлел – соғыстан соң іле-шала 1947 жылғы қаулының шығуы. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-

пікір барынша еркіндік алып кете алмағандығын көрсетеді. Соның салдарынан да ұлы ағартушылар және Махамбет, Сұлтанмахмұттан басқа ақын-жазушыларымыз оқу құралдарындағы таныстырулар мен талдаулардан әріге бара қоймаған деңгейде қалып қойды. Ол жеке дарындарды монографиялық тұрғыда тексеру жұмыстарының тұтастай өріс алуына, сол арқылы ұлттық әдебиет тарихының жүйелі түрде зерттелуіне кесірін тигізді.

Жинақтай айтар болсақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының 40 жылдардағы қол жеткізе алған жетістіктері аз табыс емес еді.

1. Жұмалиев Қ. ХҮІІ-ХІХ ғғ. Қазақ әдебиеті туралы. // Әдебиет және искусство, 1940, № 9.

2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетін мәселелері туралы. // Социалстік Қазақстан, 1941, 10 маусым;

3 Мұқанов С. ХҮІІІ-ХІХғғ. Қазақ әдебиеті туралы. // Халық мұғалімі, 1941, №6.

В статье рассматриваются проблемы исследования истории казахской литературы XIX века в 50-е годы XX века.

The article considers the problems of investigating the history of Kazakh literature of XIX century in 50's of XX century.

Түсіпхан Нұрбек

ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛҒАН ҒАББАСТАНУ

Қазақ әдебиеттану тарихында әлі күнге дейін таласқа түсіп, маңызын жоғалтпаған дүниелер өте көп. Әдебиет тарихының қызметі де сол – даулы мәселелердің басын ашу. Әсіресе, 1937 жылғы «Қызыл қырғынындағы» кейбір көлеңкелі тұстар, жаппай жұртшылықты тіксіндірген үрейлі оқиғалардың анық-қанығынан әлі күнге адасып келе жатқан жайымыз бар. Алдымен 1956 жылы Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің ақталуы қатқан сенді сәл де болса жібіткендей болып еді. Алайда, империя саясаты жүзін басқа реңге ауыстырғанымен арғы мақсат-мүддесін өзгерткен жоқ. Құшағындағы бодан елдерді қыспаққа алып, ұлттық ділінен барынша алшақтата түсті. Бара-бара сол халық төңкеріске дейінгі рухынан айырылып, азаттық туралы ойлауды да ұмытты. Араларында арғы дәуірге ой жүгірткен тарихшы. Әдебиетші ғалымдары шыға қалса қудалауға салып, ұзақ жылдар айдауға жіберді. Кейінгі саясат та Сталин режі-

секілді ашық түрде атып тастамаса да «жабулы қазан жабулы күйінде қалған» жұмбақтар өте көп. Бірақ, тілегі мен ниеті дұрыс халыққа құдайдың да қарасатыны анық екен. Аталары жүздеген жыл арман еткен тәуелсіздікке боталары күтпеген жерден тап болды. Тілекті берді құдай. Енді не істеу керек? Осы кезде қалай болғанда да қазақ елінің жеке шаңырақ көтеруін, іргесін берік, қамалын биік, рухын жоғары қылудың амалын іздеген азаматтар аз болмады. Қазақ рухы түгел құрып кетпепті. Жақсының жалғасы, алтынның сынықтары арамызда сақтаулы қадыпты. Оған күні бүгінге дейін алашты аландатқан мәселелерде ат салысып, қазақ мәдениетін, әдебиетін, тарихын қайта қалпына келтіруге бар қажыр-қайратын жұмсап жүрген қайраткер-ғалымдарды атай аламыз. Сол асыл азаматтардың адал еңбектері арқасында Алаш арыстары ақталды, біршама тиянақты түрде зерттелді. Кезінде аттары аталуының өзі қауіпті

саналған адамдарды бүгінгі күні кез-келгеніміз «жақсы танымыз». Тіпті, солардың жанында жүріп, бар іс-әрекеттеріне куә болған жандай көпіретініміз де жасырын емес. Мұның бір жақсылығын, бір кемшілігін де байқауға болады осы кезде. Жақсылығы сол – Алаш азаматтарының рухы қайта тірілді, жалпақ жұртқа жария болды, келешек ұрпақ азаттық рухының тереңде жатқанымен сусындап өспек. Ал, кемшілігі – Кеңестік кезде қызмет еткен қазақ ақын-жазушыларына, кейбір қоғам қайраткерлеріне «қырын қарау» үрдісі етек жайып барады. Дүние – алма кезек. Бір кездері Әлихан, Ахмет, Міржақыптарға қарсы дау айтып, «саяси жолы, тап тілегі біздің бүгінгі бағытымыздан басқа» деп айтыс-тартысқа түскен азаматтардың еңбегі тәуелсіздік алған жылдары қайта қарауды талап етуде. Рас, кейбір коммунист жазушылар асыра сілтеп, дүниені теріс айналдыруға барын салғаны анық. Бірақ, олардың сол жанталасы қазақ елі үшін, қазақ елінің өркениеті үшін жасалғанын ескермеуге болмайды. Олардың қатарында Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Нәзір Төрехқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ғаббас Тоғжанов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды тағы басқа да ардақылдарды айтуға болады. Алайда, осы аталғандардың ішінде әлі күнге жөнді бағасын ала алмай, «әсіре қызылшыл» болғаны үшін іздеушісінен айрылып, еңбектері мысалға алынса тек күйе жағу мақсатында ауызға ілініп, атын атаса жағымсыз сезім тудыруға айналып келген әдебиет сыншысы Ғаббас Тоғжанұлын бүгінгі таңда әдебиеттану тарихынан сызып тастап, еңбектерін «ит жеккенге» айдатып жіберуді қалайтындар да баршылық.

Кезінде замандастары «қазақ әдебиетінің Белинскийі» атанған Ғаббастың еңбектерін кейінгі жылдары түкке тұрғысыз қылып, «қызыл қырғынға себеп болған еңбектер» деп айыптауға ұшырады. Біздің Ғаббас Тоғжанұлын «қазақ әдебиетінің Белинскийі» деуімізге сол кездегі сыншының еңбектері мен оның айналасы, ақын-жазушылар, қаламдас серіктерінің көзқарасы себеп. Тіпті, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1937 жылы 30 қыркүйек күні шыққан № 39 санында Ғаббасты айыптау ретінде жазылған редакциялық мақалада: «...Әшкереленген халық жауы Тоғжанов әдебиеттегі сын мәселесіне де зиянын тигізді, өзін қазақ әдебиетінің «өзгермейтін сыншысы, Белинскийі» етіп көрсетті. Сын мәселесінде көтерген сорақы бұрмалаушылықтар, ұлтшылдық бағыттар мейлінше орын алып келді. Қазақ әдебиетіндегі сыншылардың қатары жат, жау элементтерден мүлде тазарып

кетті деуге болмайды. Қазіргі міндет, сын жұмысындағы жаулардан тегіс арылып, Тоғжановтың ұяластарының бірін қалдырмай әшкерелеу болып табылады», – делінген еді. Мұнда сол Ғаббастың кәнігі сыншы екені іштей мойындалып тұрғанын байқауға болады. Осы секілді Ғаббас Тоғжанов еңбектері қанша жерден империя саясатының жетегінде кетті десек те, оның өлімінен соң да көп пікірлері ескерілмей, жазғандары жарыққа шықпай жатып қалды. Мұның салдарын көп зерттеушілер Тоғжановтың өз туған-туыстарынан қол үзуінен және Голощекинді әсіре жақтағандығынан көреді. Рас та шығар. Алайда, біздің ойымызша бұған тағы да екі себепті қосуға болады. Біріншісі – Ғаббас Тоғжанов сыншы болды. Оның сындары саяси тұрғыдан жазылды десе де, әр ақын-жазушы шығармаларының толмаған, жетпеген, әлі де шалалығы көрініп тұрған тұстарын ашық айтты. Батырып айтты. Тіпті, базбір жас жазушылар білім жағынан ақсайтынын аңғартты. Жиырма-сыншы жылдардың орта кезіндегі әдеби айтыс-тартыс ушығып тұрған шақта жас жазушы Сәбит Мұқанов «ақын қалай болу керек» дейтін сауалға өз түсінігінше жауап береді. Оның жауабын Ғаббас Тоғжанұлы 1929 жылы шыққан «Әдебиет және сын мәселелері» кітабында: «Сәбиттің «миындағы ақындық бөлшегін оятып, қозғап жіберсе екінің бірі ақын болады» дегені Писаров пікірінің ағайыны. (Писаровтың ақын туралы: «Әрбір ақылды адам өзі тілесе ақын бола алады. Ақын болу үшін тек сөзге үйрену керек. Жазудың техникасын, әдісін біліп алса ақылды адамның бәрі де ақын болады» дегенін Ғаббас аталған еңбегінде де көрсетеді.) Қайта Сәбит пікірі Писаров пікірінен де сорақы, солақай пікір. Писаров «ақылды адам ғана ақын бола алады» десе біздің Сәбитте барлық адам миының ақындық бөлекшесін (мида ақындық бөлекше, тігіншілік, егіншілік, ұсталық бөлекшелер бар дегенді Сәбиттен ғана естіп отырмыз – F.T.) ұйқысынан оятып жіберсе, ақындығы оянып кетіп, ақын бола шығатын сықылды.

Ақын болудың етікшіден, егін салудан, тері илеуден түк айырмасы болмаса Белинский айтқандайын жұрттың көбі-ақ ақын болудан қашпас еді. Өлеңнің техникасын үйреніп алып, оп-оңай екінің бірі ақын бола қалар еді. Үйренсе егін салуға да болады, етік те тігуге болады. Етікші, егінші болу үшін ешбір талант керегі жоқ. Басында аз-маз ақылы бар адам етікші де, егінші ыде бола алады. Ақындық та осылай дуге бола ма? Аз ақылды адам былай тұрсын, ақылы асқан адам да жаратылысында ақындығы болмаса жүз жерден үйренсін, ақын болам деп

әлектенсін, ақын бола алмайды», – деп жауап береді [2, 11 б.]. Ал, ақын адамға ең басты қажеттілік білім мен ақыл, қажымас, талмас талап екенін ақын Қадыр Мырзалиевтің:

«Айтамыз біздер ақын деп,
Адамды шоқ боп маздаған.
Ақынға керек ақыл көп,

Асаулық керек аздаған», – дегеніндей пікірді сын кітабында Ғаббас та ескертеді. Ол: «Рас, қандай ақынға болса да үйрену керек. «Өнерді үйрен де жирен» деп қазақ та айтады ғой. Қандай күшті ақпа ақын болсаң да үйренбесең, үлгі, білім алмасаң ойлағаныңдай жырлай алмайсың. Терең ақын, ойы-қыры түгел ақын бола алмайсың. Қанша сөзінді әдемілесен де қолың қысқа, ойың қысқа – шолақ ақын боласың. Бұл да даусыз сөз», – дейді. [2, 12 б.] Бұл жерде ескере кететін бір жайт жоғарыдағы Сәбиттің пікірі жазушының енді-енді ғана оқу, іздену жолына түскен жылдарының алғашқы шағында айтылған. Тоғжанов секілді бай баласы болып, Ресейдегі оқу орындарына ерте бара алмаған Сәбеңнің осындай пікір айтуы да орынды еді. Әсіресе, Сәбит Мұқанов осы ойымен адам баласының биологиялық құбылысын меңзеген деп білеміз.

Ғаббас Тоғжановтың кейінгі зерттеушілер аузына өте сирек ілінуінің екінші бір себебі деп біз – сыншының көзқарасы Алашорда арыстарымен де, коммунист жазушылармен де қабыспауы дейміз. Ол өз алдына бөлек болғандай. Екі топқа да қосылмаған. Голощекин келгенге дейін де, одан кейін де екі тараптың ешқайсысына да қосылмаған секілді. Бұл ойымызды алдағы уақыттарда Ғаббастануды іргелі зерттеуге айналдыра алсақ толық дәлелдейтін боламыз. Ал, мына мақаламызда Ғаббас Тоғжанұлының кейбір сыни ойлары мен сыншы туралы жағымды-жағымсыз пікірлерге тоқталмақпыз.

Алдымен айып таққан сөздерге келсек. 1937 жылы Ғаббас та басқа ақын-жазушылармен қатар ұсталып, қолдан жасалған айып негізінде ату жазасына ұшырады. Сол жылдағы «Социалды Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде айғайшыл, жала жабушы мақалалар қаптап кетті. Көбінің авторы көрсетілмеген. Сондай мақалалардың бірінде: «Жұртшылығымыз Абайға жағылған кірді аршып, Абайға нағыз дұрыс баға беріп, Абай өз заманының шыншылы, прогресті жолдағы алдыңғы қатардағы адамы, мәдениетшіл ақын деп бағалап отыр. Контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдарын, оның лидері болған Бөкейхановты осы Абайға теңеу Алашорданың объективті революцияшыл рөлі бар деген сөз. Тоғжанов Бөкейхановты Абайдың ісін

аяқтаушы дейді. «XIX-XX ғасырдағы қазақ байшыл әдебиетін жасаған Абай, Ахмет... Шәкәрім, Мыржақып» деп, өңшең контрреволюцияшыл ақынды Абаймен қатар тізеді. Абайдың мұрасына осылардың «мұрасын» да қосақтайды. Бұлардың мұрасы болмағанда «Қазақтың бүгінгі пролетариат әдебиеті болмаған болар еді» (147, 158-беттер) деп, бал ашады», – деп, ешқандай да ғылыми негізі жоқ жала жауып, «тырнақ астынан кір іздейді». Сол секілді қазақ әдебиетінің сын жанрында өзіндік із қалдырған, есімі барша жұртқа жақсы таныс Мұхаметжан Қаратаев та 1937 жылы 23 май айында «Қазақ әдебиеті» газетінің №24 санында шыққан «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері. Сын туралы теріс түсініктер» дейтін мақаласында Ғаббастың «Абай» монографиясынан ұлтшылдық бағыт іздеп, бірер мысалдар келтіреді де: «...Сонымен, көріп отырсындар, байда не болса сол Абайдікі де, Абайда не болса ол байдікі. «Абайдың тарихта аты қалғаны» осы бай табына басшы болғандығы. Ендеше, Абай мен Әлихан, Ахмет, Міржақыптар бір адамдар. Бұдан артық Абайға кір жағу болмас, бұдан артық қазақ байына, қазақ ұлтшылдарына қошемет, құрмет ету болмас. Абайды Ахметпен қатар қойып, Ғаббас Ахмет туралы баяғы ұлтшылдық пікірін қайта қоңырсытып отыр. Абайды айналып үйіріліп келіп, ұлтшылдарға ұстап беріп отыр», – дейді. Дәл осындай сарында жазылған мақалалар саны үш-төрт айдың ішінде 60-тан асты. Барлығы да тек қана Ғаббасқа арналмаса да жалпылама жамандау арасында сыншы есімі ерекше «ескеріліпті».

Ғаббас Тоғжанов кейінгі ақталған жылдарда да көп көңіл бөлінбеген қаламгер. Тек, әдебиетке адалдығымен аңыз болған ғалым Бейсембай Кенжебаев қана Ғаббасқа арналған «Қажырлы қалам қайраткері» атты естелік жазбасында: «Ғаббас Тоғжановтың әдебиет сыншысы ретіндегі бір ерекшелігі – оның еңбектерінде публицистикалық стиль басым болатын, әдеби сын мақалалары өткір болып келетін. Ол бүгінгі ақын-жазушылар шығармаларының кем-кетіктерін баса көрсетуші еді», – деп жоғары баға береді. Одан кейінгі С.Мұқановтың «Өсу жолдарымыз», Т.Нұртазиннің «Жазушы және өмір» кітаптарында айтылса да ғылыми ізденіс көзіне айнала қоймапты. Алайда, қазақ әдебиеттану тарихының ең үлкен білгірі Тұрсынбек Кәкішев сонау жастық шағынан бері Ғаббас еңбектеріне әлсін-әлсін назар аударып отырады. Егемендік жылдары да ұмыт қалдырған емес. 2000 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде «Өз заманының перзенті» атты құлаштай мақала жазып, сыншы

өміріне байланысты көптеген мәліметтер ұсынады. Сондай-ақ, әр жылдарда профессор Т.Қожакеев, Т.Бейісқұлов, Л.Асыллов, Д.Қамзабек, Ж.Ысмағұлов сынды зертеушілер Ғаббас Тоғжанов қаламынан туған дүниелерге зер салып отырыпты. Десе де, әлі күнге Ғаббастану жұмысының толыққанды қолға алынбай, елеусіз-деу болып келе жатқаны өкінетеді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз де болашақ күндерімізді Ғаббастану жұмысына арнамақпыз.

1. «Қазақ әдебиеті» газеті 1937, 30 қыркүйек, №39.

2. Ғ. Тоғжанов. «Әдебиет және сын мәселелері». Қызылорда –1929.

3. Б.Кенжебаев. «Қажырлы қалам қайраткері», Егемен Қазақстан, 1994, 7 желтоқсан.

4. Т.Кәкішев. «Өз заманының перзенті». Егемен Қазақстан, 2000, 22 ақпан.

* * *

В данной статье исследуются статьи литературного критика и известного общественного деятеля Габбаса Тоғжанулы по книге «Литература и проблемы критики».

* * *

In given article the critics told in the book «the Literature and problem critics» the literary critic, known public figure Gabbasa Togzhanuly are investigated.